# Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 215 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 456 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2025 № 456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 206-бабының 21 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 211 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 145 қаулысының 31-тармағы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* — *Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы<br>Үкіметінің<br>2022 жылғы 13 сәуірдегі<br>№ 215 қаулысымен<br>бекітілген

## Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары

1. Осы Мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 206-бабының 2-1-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобаларды іске асыру үшін жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру мәселелері жөніндегі ақпаратты қамтитын талдамалық жазбаны, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражаты игерілмеген кезде мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын уақтылы игеруге қатысты одан әрі шаралар қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдармен қоса есептілікті осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес, ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште, сондай-ақ осы Қағидаларға 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес, тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынады.

3. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуін мониторингтеу бойынша есептілікті мемлекеттік сыртқы қарыздар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын игеру туралы жиынтық ақпаратты қамтитын талдамалық жазбаны, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражаты игерілмеген кезде мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатын уақтылы игеруге қатысты одан әрі шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдармен қоса осы Қағидаларға 8 және 9-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

4. Мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобаларды іске асыру үшін жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) жоғарыда көрсетілген нысандардың шынайылығы мен дұрыс ресімделуін және олардың бюджетті

атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
1-қосымша

1-нысан

**___________________________________ (қарыздың атауы, №, сомасы, валюта) жобасын іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер Есепті кезең: 20__жылғы "___"_____________ жағдай бойынша**

Индекс: 01-СҚИ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

| Р/с № | Санаттың атауы | Санаттың сомасы (АҚШ доллары) | Жауапты ұйым | Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма | Келісімшартқа қол қойылған күн |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Жиыны | | | | | |

кестенің жалғасы

| Келісімшарттың сомасы (АҚШ доллары) | Қаражаттың жұмсалғаны АҚШ долларымен | Жұмсалғаны | | | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ағымдағы жылы | | бір ай ішінде | | |
| | | АҚШ доллары | теңге | АҚШ доллары | теңге | |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

_________________________________________________

Мөр орны ________________________________________________________ _____ (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Жобаны іске асыруға
бағытталған мемлекеттік сыртқы
қарыз қаражатының игерілуі
туралы" 1-нысанға
қосымша

**"_______________________________" (қарыздың атауы, №, сомасы, валюта) жобасын іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "________ инвестициялық жобасын іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыз шеңберінде келісімшарттың реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес санаттардың атауы көрсетіледі.

8. 3-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес санаттардың сомасы көрсетіледі.

9. 4-бағанда жобаны іске асыруға жауапты ұйым көрсетіледі.

10. 5-бағанда тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма көрсетіледі.

11. 6-бағанда келісімшартқа қол қойылған күн көрсетіледі.

12. 7-бағанда келісімшартқа қол қойылған күні бағам бойынша келісімшарттың сомасы көрсетіледі.

13. 8-бағанда мемлекеттік сыртқы қарызды іске асырудың бүкіл кезеңінде жұмсалған қаражаттың жалпы сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

14. 9-бағанда ағымдағы жылы жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан шетел валютасын қайта айырбастау күніндегі бағам бойынша көрсетіледі.

15. 10-бағанда ағымдағы жылы жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша көрсетіледі.

16. 11-бағанда бір айда жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан шетел валютасын қайта айырбастау күніндегі бағам бойынша көрсетіледі.

17. 12-бағанда бір айда жұмсалған қаражат мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражат алған күнгі бағам бойынша көрсетіледі.

18. 13-бағанда ескертпе көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
2-қосымша

2-нысан

**Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат Есепті кезең: 20__ жылғы _____________**

Индекс: 02-ҚТЖ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

Функционалдық топ қарыз беруші, бюджеттік бағдарлама әкімшісі, қарыз нөмірі, бағдарлама қызмет көрсететін қаржы мекемесі, кіші бағдарлама, арнайы шоттардың №, сыртқы қарыздың арнайы шоты, 20__ жылғы "___" кіріс қалдығы

| Қарыз қаражатының түсуі (бюджет сыныптамасының коды) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қаражат түскен күн | Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ доллары) | | Сомасы, теңгемен (мың теңге) | |
| | бір айда | жыл басынан бастап | бір айда | жыл басынан бастап |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жиыны | | | | |

кестенің жалғасы

| Бюджет сыныптамасының коды | Сомасы шетел валютасында (мың АҚШ доллары) | | Кассалық шығыстар (мың теңге) | |
|---|---|---|---|---|
| | бір айда | жыл басынан бері | бір айда | жыл басынан бері |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | |

Есепті кезеңде арнайы шоттағы бағамдық айырмашылық _____, мың теңге

20__ жылғы "___" ________ сыртқы қарыздың арнайы шотындағы таза қалдық

Тікелей төлемдер

| Қарыз қаражатын есептен шығару (бюджет сыныптамасының коды) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қаражаттың есептен шығарылған күні | Сомасы, шетел валютасында (мың АҚШ доллары) | | Сомасы, теңгемен (мың теңге) | |
| | бір айда | жыл басынан бері | бір айда | жыл басынан бері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Жиыны | | | | |

кестенің жалғасы

| Бюджет сыныптамасының коды | Сомасы, шетел валютасына (мың АҚШ доллары) | | Кассалық шығыстар (мың теңге) | |
|---|---|---|---|---|
| | бір айда | жыл басынан бері | бір айда | жыл басынан бері |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

__________________________________________________

Мөр орны ___________________________________________________ (қолы)

Тегі, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік сыртқы
қарыз қаражатының түсуі мен
жұмсалуы туралы ақпарат"
2-нысанына
қосымша

**"Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының түсуі мен жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

## 2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Бірінші кестенің алдында қарыз берушінің атауы бойынша ақпарат мемлекеттік сыртқы қарыздың нөмірі, арнайы шотқа қызмет көрсететін қаржы мекемесінің атауы, арнайы шоттардың және арнайы шоттарға шоттардың нөмірлері көрсетіледі.

Бірінші кесте бойынша:

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың іс жүзінде түскен күні көрсетіледі.

7. 2-бағанда есепті айдағы мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түскен сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

8. 3-бағанда жыл басынан бері мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

9. 4-бағанда есепті айда мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсу сомасы теңгемен көрсетіледі.

10. 5-бағанда жыл басынан бері мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түскен сомасы теңгемен көрсетіледі.

11. 6-бағанда бюджет сыныптамасының кодына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның және ерекшеліктің нөмірлері көрсетіледі.

12. 7-бағанда есепті айда мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалған сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

13. 8-бағанда жыл басынан бері мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалған сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

14. 9-бағанда есепті айда мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалған сомасы теңгемен көрсетіледі.

15. 10-бағанда жыл басынан бері сыртқы қарыздың арнайы шотынан қаражаттың жұмсалу сомасы теңгемен көрсетіледі.

16. Мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотындағы қалдық сыйақы есептелмей есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күнгі бағам бойынша көрсетілуі тиіс. Мемлекеттік сыртқы қарыздың арнайы шотындағы қалдық қаржы мекемесінде ашылған шот бойынша қаржы мекемесінің көшірме жазбасымен расталуы тиіс.

Екінші кесте бойынша:

17. 1-бағанда қарыз берушінің несие шотынан қаражаттың нақты түскен күні көрсетіледі.

18. 2-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

19. 3-бағанда жыл басынан бері қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

20. 4-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы теңгемен көрсетіледі.

21. 5-бағанда жыл басынан бері қарыз берушінің несие шотынан қаражат түсімінің сомасы теңгемен көрсетіледі.

22. 6-бағанда бюджет сыныптамасының кодына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның және ерекшеліктің нөмірлері көрсетіледі.

23. 7-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсалған сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

24. 8-бағанда жыл басынан бастап қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсау сомасы АҚШ долларымен көрсетіледі.

25. 9-бағанда есепті айда қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсалған сомасы теңгемен көрсетіледі.

26. 10-бағанда жыл басынан бері қарыз берушінің несие шотынан қаражатты жұмсалған сомасы теңгемен көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
3-қосымша

3-нысан

**Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат Есепті кезең: ___ __________ (айы, жылы)**

Индекс: 03-ҚЖ

Кезеңділігі: ай сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай.

Функционалдық топ: қарыз беруші, бюджеттік бағдарлама әкімшісі, қарыз нөмірі, бағдарлама, қызмет көрсететін қаржы мекемесі, кіші бағдарлама, арнайы шоттардың №

| Бюджеттік сыныптаманың коды | Бір жылға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары | Есепті кезеңге арналған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары | Есепті кезеңге арналған міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспары | Тікелей төлемдерді қоса алғанда, қарыз қаражаты есебінен шығыстар | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | есепті айда | жыл басынан бері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Жиыны | | | | | |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

____________________________________________________

Мөр орны ________________________________________________________ ( қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік сыртқы<br>қарыз қаражатының жұмсалуы<br>туралы ақпарат"<br>3-нысанына<br>қосымша

**"Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының жұмсалуы туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске

асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) ай сайын жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1-бағанда бюджеттік сыныптаманың кодына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің, бағдарламаның, кіші бағдарламаның және ерекшеліктерінің нөмірлері көрсетіледі.

7. 2-бағанда бір жылға арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі.

8. 3-бағанда есепті кезеңге арналған төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі.

9. 4-бағанда есепті кезеңге міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарының сомасы көрсетіледі.

10. 5-бағанда есепті айдағы тікелей төлемдерді қоса алғанда, қарыз қаражатының жұмсалуы бойынша сомасы теңгемен көрсетіледі.

11. 6-бағанда жыл басынан бастап тікелей төлемдерді қоса алғанда, қарыз қаражатының жұмсалуы бойынша сомасы теңгемен көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
4-қосымша

4-нысан

**___________________ жобасын дайындау мен іске асырудың _____ жылға (жобаның атауы) арналған жоспар-графигі Есепті кезең: ____ жыл**

Индексі: 04-ЖГ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.
Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай.

| Р/с № | Бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес құраушыштары бойынша іс-шаралар (тауарлар, жұмыс және көрсетіле-тін қызметтер түрлері) | Қаржыландыру жоспары (бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жоба бойынша барлығы | | | | жоспарланған жылдың тоқсандары бойынша | | | | | | | |
| | | | | | | I | | | | II | | | |
| | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | |
| | | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| Қаржыландырудың барлығы | | | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| III | | | | IV | | | | Жоспарланған жылға жиыны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз сомасы | | Қоса қаржыландыру сомасы | | Қарыз сомасы | | Қоса қаржыландыру сомасы | | Қарыз сомасы | | Қоса қаржыландыру сомасы | |
| мың АҚШ | | мың АҚШ | | мың АҚШ | | мың АҚШ | | мың АҚШ | | мың АҚШ | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| доллар ы | мың теңге | доллар ы | мың теңге | доллар ы | мың теңге | доллар ы | мың теңге | доллар ы | мың теңге | доллар ы | мың теңге |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

Мөр орны ________________________________________________________ ( қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Жобаны дайындау мен іске асырудың жоспар-графигі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Жобаны дайындау
мен іске асырудың жоспар-графигі" 4-
нысанына
қосымша

**" _____________ жобасын дайындау мен іске асырудың _____ жылға (жобаның атауы ) арналған жоспар-графигі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) " _________ жобасын дайындау мен іске асырудың _____ жылға арналған жоспар-графигі" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) тоқсан сайын жасайды және жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне, жоспарланған жылға және жоспарланған жылдың тоқсандарына бөле отырып бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жоспарлы іс-шараларды және қаржыландыру жоспарын қамтиды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 2-бағанда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес құрауыштар бойынша іс-шаралар (тауарлар, жұмыс және көрсетілетін қызметтер түрлері) көрсетіледі.

7. 3 және 4-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне қарыз қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру жоспары көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша аударылады.

8. 5 және 6-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру жоспары көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша аударылады.

9. 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-бағандарда қарыз қаражаты есебінен және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен қаржыландыру жоспарын бөлу жоспарланған жылдың тоқсандары бойынша көрсетіледі.

10. 23, 24, 25 және 26-бағандарда қаржыландыру жоспары қарыз қаражаты есебінен және жоспарланған жылға арналған республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы<br>қарыздар және республикалық<br>бюджеттен қоса қаржыландыру<br>бойынша есептілікті ұсыну<br>қағидаларына<br>5-қосымша

5-нысан

**______________ жобасы бойынша ______ жылдың _____ тоқсанына арналған (жобаның атауы) жоспар-орындау мониторингі бойынша есеп Есепті кезең: ______ жылдың _____ тоқсаны**

Индексі: 05-ОПГ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне қарай.

| | Бекітілген техникалық - экономикалық негіздеме немесе жобаның басқа бекітілген құжаттама-сына сәйкес құраушы-тары бойынша іс-шаралар ( тауарлар, жұмыстар және көрсет | Орындау/қаржыландыру көлемі (бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | іске асыру кезеңінің басынан бері | | | | іске асыру жылының тоқсандары бойынша | | | | | | | |
| | | | | | | I | | | | II | | | |
| | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | |
| | | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | |

| Р/с № | ілетін қызметтер түрлері) | | | | | | | | | | | | мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| Қаржыландырудың барлығы | | | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| III | | | | IV | | | | Жылына барлығы | | | | Жоспардан ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | |
| мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| | | | | | | | | | | | | |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

___________________________________________________

Мөр орны ___________________________________________________ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Жоба бойынша жоспар-графикті орындау мониторингі бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Жоба бойынша
жоспар- орындау мониторингі

бойынша есеп"
5-нысанына
қосымша

**"____________ жобасы бойынша _____ жылдың ____ тоқсанына арналған (жобаның атауы) жоспар-графикті орындалу мониторингі бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "_________ жобасы бойынша _____ жылдың ____ тоқсанына жоспар-графикті орындау мониторингі бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) тоқсан сайын жасайды және жобаны іске асыру кезеңінің басынан бастап, есепті жылға және есепті жылдың тоқсандары бойынша бөліп тастағанда іс жүзінде орындалған іс-шараларды және орындау/қаржыландыру көлемін қамтиды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 2-бағанда іс жүзінде орындалған іс-шаралар (тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер түрлері) құрауыштары бойынша көрсетіледі.

7. 3 және 4-бағандарда жобаны іске асыру кезеңінен бастап қарыз қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды орындаудың/қаржыландырудың іс жүзіндегі көлемі көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома есепті күнгі бағам бойынша көрсетіледі.

8. 5 және 6-бағандарда жобаны іске асыру кезеңінен бастап республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражаты есебінен 2-бағанда көрсетілген іс-шараларды орындаудың/қаржыландырудың іс жүзіндегі көлемі көрсетіледі. Бұл ретте шетел валютасындағы сома есепті күнгі бағам бойынша көрсетіледі.

9. 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-бағандарында қарыз қаражаты есебінен және есепті жылғы тоқсандар бойынша республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен орындаудың/қаржыландырудың іс жүзіндегі көлемін бөлу көрсетіледі.

10. 23, 24, 25 және 26-бағандарында қарыз қаражаты есебінен және есепті жылғы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен орындаудың/қаржыландырудың іс жүзіндегі көлемі көрсетіледі.

11. 27-бағанда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес іс жүзінде орындалған іс-шаралардың жоспарланғандардан, сондай-ақ жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес іс жүзіндегі қаржыландыру көлемінің қаржыландыру жоспарынан ауытқу себептері көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
6-қосымша

6-нысан

**Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жоба туралы мәліметтер Есепті кезең: 20__ жылғы "___" ________ жағдай бойынша**

Индексі: 06-ЖМ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне қарай.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жобаның атауы | |
| 2 | Жобаның құны (мың АҚШ доллары) | |
| 3 | Қарыз сомасы (мың АҚШ доллар) | |
| 4 | Қоса қаржыландыру сомасы (мың АҚШ доллары) | |
| 5 | Қарыз беруші | |
| 6 | Қарыз туралы келісімге қол қойылған күн | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Қарыз туралы келісімді ратификациялау күні | |
| 8 | Қарыз туралы келісімнің күшіне енген күні | |
| 9 | Қарыз қаражатын алудың бастапқы жабылу күні | |
| 10 | Қарыз қаражатын алудың жабылу күнін ұзарту | |
| 11 | Жоба бойынша қабылданған нормативтік құқықтық актілер | |
| 12 | Жобаны іске асыруға жауапты атқарушы агенттік | |
| 13 | Жобаның мақсаты мен міндеттері | |
| 14 | Жобаны іске асыруды жақсарту жөнінде ұсыныстар | |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

______________________________________________________

Мөр орны ___________________________________________________________ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жоба туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік сыртқы
қарыз қаражатынан
қаржыландырылатын жоба
туралы мәліметтер"
6-нысанына
қосымша

**"Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жоба туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жоба туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Бірінші жолда мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатынан қаржыландырылатын жобаның атауы көрсетіледі.

7. Екінші жолда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жобаның құны мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

8. Үшінші жолда сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жоба бойынша қарыз туралы келісімге және жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қарыз сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

9. Төртінші жолда сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жоба бойынша жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

10. Бесінші жолда қарыз берушінің атауы қарыз туралы келісімге сәйкес көрсетіледі.

11. Алтыншы жолда қарыз туралы келісімге қол қою күні көрсетіледі.

12. Жетінші жолда қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қарыз туралы келісімді ратификациялау күні көрсетіледі.

13. Сегізінші жолда қарыз туралы келісімнің күшіне ену күні көрсетіледі.

14. Тоғызыншы жолда қарыз туралы келісімге сәйкес қарыз қаражатын алудың бастапқы жабылу күні көрсетіледі.

15. Оныншы жолда қарыз қаражатын алудың жабылу күнін ұзарту көрсетіледі. Әр ұзарту күні хронологиялық тәртіппен көрсетіледі.

16. Он бірінші жолда мемлекеттік сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жоба бойынша қабылданған нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі.

17. Он екінші жолда мемлекеттік сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жобаны іске асыруға жауапты атқарушы агенттіктің атауы көрсетіледі.

18. Он үшінші жолда мемлекеттік сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жобаның мақсаты мен міндеттері көрсетіледі.

19. Он төртінші жолда жобаны іске асыруды жақсарту және жобаны іске асыру барысында туындаған проблемаларды жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
7-қосымша

7-нысан

**_____ жобасын қаржыландыру туралы есеп Есепті кезең: 20__ жылғы "___" ________**

Индексі: 07-ЖҚЕ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік органдар: мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша).

Нысан қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай.

| Жобаны іске асыру жылы | Бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қаржыландыру жоспары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | барлығы | |
| | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Факт | | | | | | Ауытқу | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | барлығы | | қарыз сомасы | | қоса қаржыландыру сомасы | | барлығы | |
| мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | | | | | | | |

Орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары)/орталық атқарушы органның аппарат басшысы

________________________________________________

Мөр орны ____________________________________________________ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Жобаны қаржыландыру туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Жобаны қаржыландыру туралы<br>есеп" 7-нысанына<br>қосымша

**" ____________ жобасын қаржыландыру туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (атауы) 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "____________ жобасын қаржыландыру туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға орталық атқарушы органның басшысы (орталық атқарушы орган басшысының орынбасары) немесе орталық атқарушы органның аппарат басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

**2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 1-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыз есебінен қаржыландырылатын жобаны іске асыру жылы көрсетіледі.

7. 2 және 3-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қарыз сомасы көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы сома болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының бес жылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіткен кезде мақұлданған бағам бойынша ауыстырылады.

8. 4 және 5-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы көрсетіледі. Егер жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасында шетел валютасындағы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы болмаса, теңгедегі сома Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленген бес жылдық кезеңге арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту кезінде мақұлданған бағам бойынша ауыстырылады.

9. 6 және 7-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жалпы қаржыландыру жоспары көрсетіледі.

10. 8 және 9-бағандарда есепті кезеңде іс жүзінде игерілген қарыз қаражаты көрсетіледі.

11. 10 және 11-бағандарда есепті кезеңде республикалық бюджеттен қоса қаржыландырудың іс жүзінде игерілген қаражаты көрсетіледі.

12. 12 және 13-бағандарда қаражаттың жалпы нақты игерілуі көрсетіледі.

13. 14 және 15-бағандарда нақты игерілген қарыз қаражатының жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес жоспарланғаннан ауытқуы көрсетіледі.

14. 16 және 17-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес нақты игерілген республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының жоспарланғаннан ауытқуы көрсетіледі.

15. 18 және 19-бағандарда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес қаражаттың нақты көлемінің жоспарланған қаражаттың жалпы көлемінен игерілген ауытқуы көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
8-қосымша

8-нысан

**Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп Есепті кезең : 20___ жылғы "___"____________ жағдай бойынша**

Индексі: 08-ҚТК
Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік орган: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне қарай.

| Р/с № | Қарыз беруші | Жобаның атауы | Қарыз нөмірі | Валюта | Қарыз сомасы миллион АҚШ доллары | Қарыз қолданыла басталғаннан бері игерілгені | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | мың АҚШ доллары | мың теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| оның ішінде игерілгені | | | | Жауапты ұйым |
|---|---|---|---|---|
| ағымдағы жылы | | __ тоқсан | | |
| мың АҚШ доллары | мың теңге | мың АҚШ доллары | мың теңге | |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | |

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

Мөр орны ____________________________________________________ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолдың толық жазылуы

Ескертпе: Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер нысанға 1-қосымшада келтірілген;

"Жобаны қаржыландыру туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға 2-қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік сыртқы<br>қарыз қаражатының игерілуі<br>туралы жиынтық есеп"<br>8-нысанына<br>1-қосымша

**Жобаны іске асыруға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы деректер _______________________________________ (қарыздың атауы, №, сомасы, валюта) 20__жылғы "___"___________ жағдай бойынша**

| Р/с | Құрауыштың атауы | Құрауыштың сомасы | Жауапты ұйым | Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма | Келісімшартқа қол қойылған күн | Келісімшарт сомасы | Жұмсалған қаражат |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | | 8 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 7 | |
| Жиыны | | | | | | | |

"Мемлекеттік сыртқы
қарыз қаражатының игерілуі
туралы жиынтық есеп"
8-нысанына 2-қосымша

## "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Мемлекеттік сыртқы қарыз қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) ұсынған шоттардан үзіндінің және есептілік нысандарының негізінде жасайды.

4. Нысанға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда қарыз берушінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатынан қаржыландырылатын жобаның атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда қарыз нөмірі көрсетіледі.

9. 5-бағанда қарыз валютасы көрсетіледі.

10. 6-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес миллион АҚШ долларымен қарыз сомасы көрсетіледі.

11. 7-бағанда қарыз қолданыла басталғаннан бері қарыз қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

12. 8-бағанда қарыз қолданыла басталғаннан бері қарыз қаражатының игерілуі мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша мың теңгемен көрсетіледі.

13. 9-бағанда қарыз қаражатының ағымдағы жылы игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

14. 10-бағанда қарыз қаражатының ағымдағы жылы игерілуі мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша мың теңгеде көрсетіледі.

15. 11-бағанда есепті тоқсандағы қарыз қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

16. 12-бағанда қарыз қаражатының есепті тоқсандағы игерілуі мемлекеттік сыртқы қарыз шотынан қаражатты алған күнгі бағам бойынша теңгемен көрсетіледі.

17. 13-бағанда қарыз қаражатының игерілуіне жауапты ұйым көрсетіледі.

Нысанға қосымша бойынша:

18. 2-бағанда қарыз туралы келісімге сәйкес құрауыштың атауы көрсетіледі.

19. 3-бағанда құрауыштың сомасы көрсетіледі.

20. 4-бағанда жобаны іске асыру үшін жауапты ұйым көрсетіледі.

21. 5-бағанда тауарларды, көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) жеткізуші фирма көрсетіледі.

22. 6-бағанда келісімшартқа қол қою күні көрсетіледі.

23. 7-бағанда келісімшарт сомасы көрсетіледі.

24. 8-бағанда жұмсалған қаражат көлемі көрсетіледі.

Мемлекеттік сыртқы
қарыздар және республикалық
бюджеттен қоса қаржыландыру
бойынша есептілікті ұсыну
қағидаларына
9-қосымша

9-нысан

**Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп Есепті кезең: 20___ жылғы "___"______ ______ жағдай бойынша**

Индексі: 09-БҚИЖ

Кезеңділігі: тоқсан сайын.

Нысанды ұсынатын мемлекеттік орган: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 1-күніне қарай.

| | | | | Қоса қаржыландыру сомасы | Есепті кезеңнің басына игерілгені | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| Р/с № | Қарыз беруші | Жобаның атауы | Қарыз нөмірі | миллион АҚШ долларымен | мың АҚШ доллары | мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Жиыны | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Оның ішінде игерілгені | | | | Жауапты ұйым |
|---|---|---|---|---|
| ағымдағы жылы | | __ тоқсан | | |
| мың АҚШ долларымен | мың теңгемен | мың АҚШ долларымен | мың теңгемен | |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

мөр орны ______ ________________________________________ (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты қолдың толық жазылуы

Ескертпе: "Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме нысанға қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік сыртқы<br>қарыздарды республикалық<br>бюджеттен қоса қаржыландыру<br>қаражатының игерілуі<br>туралы жиынтық есеп"<br>9-нысанына<br>қосымша

**"Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – түсіндірме) "Мемлекеттік сыртқы қарыздарды республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі туралы жиынтық есеп" нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 203-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тоқсан сайын мемлекеттік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландырылатын және республикалық бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуына жауапты Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісу бойынша) ұсынған есептілік нысандарының негізінде жасайды.

4. Нысанға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы қол қояды.

5. Қол қойылған нысан "е-Қаржымині" біріктірілген автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта және (немесе) қағаз жеткізгіште ұсынылады.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 2-бағанда қарыз берушінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда мемлекеттік сыртқы қарыздың және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатынан қаржыландырылатын жобаның атауы көрсетіледі.

8. 4-бағанда қарыз нөмірі көрсетіледі.

9. 5-бағанда жобаның бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесіне немесе жобаның басқа бекітілген құжаттамасына сәйкес республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру сомасы миллион АҚШ долларымен көрсетіледі.

10. 6-бағанда есепті кезеңнің басындағы төлем жүргізілген күнгі бағам бойынша республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

11. 7-бағанда есепті кезеңнің басындағы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

12. 8-бағанда ағымдағы жылы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі төлем жүргізілген күнгі бағам бойынша мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

13. 9-бағанда ағымдағы жылы республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

14. 10-бағанда есепті тоқсанда республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі төлем жүргізілген күнгі бағам бойынша мың АҚШ долларымен көрсетіледі.

15. 11-бағанда есепті тоқсанға республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуі мың теңгемен көрсетіледі.

16. 13-бағанда республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының игерілуіне жауапты ұйым көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК